

**"Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидасын бекіту туралы" Созақ аудандық мәслихатының 2015 жылғы 19 наурыздағы № 241 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ аудандық мәслихатының 2015 жылғы 22 қыркүйектегі № 293 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 19 қазанда № 3365 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ аудандық мәслихатының 2016 жылғы 23 маусымдағы № 25 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ аудандық мәслихатының 23.06.2016 № 25 шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 56 бабының 1-тармағының 4) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңының 6 бабының 2-3 тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес, Созақ аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Созақ аудандық мәслихатының 2015 жылғы 19 наурыздағы № 241 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидасы туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3114 тіркелген, 2015 жылы 22 сәуірдегі "Созақ үні" газетінде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидасында:

9 тармақтың б) тармақшасы келесі редакцияда жазылсын:

"б) аз қамтамасыз етілген отбасыларға біржолғы 15 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;"

9 тармағы 10), 11), 12) тармақшаларымен келесі мазмұнда толықтырылсын:

"10) күтім көрсетуге мұқтаж сексен жастан асқан қарттарға, жол жүрумен

байланысты шығындарын өтеуге, ай сайын 1 айлық есептік көрсеткіш мөлшеріне дейін;

"11) өмірлік қиын жағдайларға ұшыраған азаматтарға біржолғы 300 айлық есептік көрсеткіш мөлшеріне дейін;

"12) жалғыздікті зейнеткерлер мен мүгедектерге 100 айлық есептік көрсеткіш мөлшеріне дейін;"

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихаттың кезекті  
сессиясының төрағасы*

*І.Омар*

*Аудандық мәслихатының хатшысы*

*Б.Байғараев*